

Әзірленуі халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп жүзеге асырылатын ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 шілдедегі № 578 қаулысы.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 4-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған әзірленуі халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп жүзеге асырылатын ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 31 шілдедегі
№ 578 қаулысымен
бекітілген

Әзірленуі халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп жүзеге асырылатын ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі

Р/с №	Атауы	Мемлекеттік әріптес	Халықаралық қаржы институты
1	2	3	4
1.	Алматы қаласындағы "Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы үшін 5900 төсек-орынға арналған 5 студенттік жатақхана салу және пайдалану	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі	Азия Даму Банкі
2.	"Алматы-Ыстықкөл" автомобиль жолын салу және пайдалану	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі	Азия Даму Банкі
3.	Қарағанды қаласында 300 орынға арналған көпбейінді университет ауруханасын салу және пайдалану	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	Азия Даму Банкі

4.	Алматы қаласында 300 орынға арналған көпбейінді университет ауруханасын салу және пайдалану	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	Еуропа қайта құру және даму банкі
5.	Семей қаласында 300 орынға арналған көпсалалы университет ауруханасын салу және пайдалану	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	Азия Даму Банкі
6.	Ақтөбе қаласында 300 орынға арналған көпбейінді университет ауруханасын салу және пайдалану	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	Азия Даму Банкі
7.	Маңғыстау облысында қуаты тәулігіне 50 мың м ³ теңіз суын тұщыландыру зауытын салу	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі	Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC)